

ӘОЖ 372.881.111.1:004

## ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Адилбекова Гүлжауһар Баймаханқызы*

3 курс студенті, Шетел тілдері факультеті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы  
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекші:** Гапбасова Айнұр Айдарқызы

*Бұл мақалада шетел тілін меңгеру үдерісінде онлайн платформаларды қолданудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Дәстүрлі оқыту әдістері цифрлық ортаның қарқынды дамуын толық ескере бермейтіндіктен, бұл оқушылардың оқу үдерісіне қатысу белсенділігінің және оқыту тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Аталған зерттеу шетел тілін оқыту әдістемесіне цифрлық құралдарды енгізу арқылы оқу үдерісінің интерактивтілігін, даралануын және қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Зерттеудің міндеттері цифрлық білім беру ортасы ұғымын талдауды, электрондық білім беру ресурстарын (ЭБР) жіктеуді және аталмыш онлайн ресурстардың әдістемелік әлеуетін бағалауды қамтиды. Зерттеу нәтижелері онлайн платформалардың шетел тілін оқытуда көмекші құрал ретінде тиімді интеграциялау білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.*

**Кілт сөздер:** білім беруді цифрландыру, цифрлық білім беру ортасы, коммуникативтік құзыреттілік, шетел тілі, онлайн платформа, мультимедия, веб-қосымша.

### Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесі қарқынды цифрландыру үдерісімен сипатталады, бұл шет тілдерін оқыту әдістері мен құралдарын түбегейлі өзгертуде. Шет тілдерін оқыту контекстінде бұл интерактивті және дараланған форматтар арқылы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Шет тіліндегі құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінде компьютерлік оқыту бағдарламаларын қолдану тіл оқытудың сапасын арттырудың ең перспективалы бағыттарының бірі және білім алушыларды цифрлық ресурстармен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге ынталандырады. Цифрлық ресурстар (қосымшалар, онлайн-платформалар, мультимедиа) оқушылардың шет тілін меңгеруге деген қызығушылығын арттырады [1].

В.Л. Назаровтың ойынша, білім беруді цифрландыру — әлемдік әлеуметтік, экономикалық, индустриялық, әсіресе білім беру жүйесінің өзекті тренді.

Пандемия кезінде әлемнің көптеген дамыған елдеріндегідей, Қазақстанда да білім беру негізінен әртүрлі цифрлық құралдар арқылы іске асырылып, қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу жүзеге асырылды. Аталмыш қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу білім беру саласындағы бірқатар бағдарламалық құжаттардың стратегиялық мақсаты ретінде белгіленген цифрлық трансформацияны қарқындатуға себеп болып қана қоймай, сонымен қатар білім саласындағы реформалардың нәтижелерін тексеруге мүмкіндік берді [1]

Қазіргі таңда экономика мен әлеуметтік өмірдің барлық бағыттарына цифрлық технологиялардың кеңінен енгізілуі адамның қоғамдағы орны мен рөлінің елеулі өзгеруіне алып келді. Білім беру жүйесіндегі ауқымды жаңарту да – осы жаһандық өзгерістердің тікелей нәтижесі. Бұл үдерістің табысты жүзеге асуы көп жағдайда болашақ педагог-психологтың білім беру саласын толық цифрландыру жағдайындағы қызметін жаңаша түсінуге байланысты [2].

### **Негізгі бөлім**

Қазіргі уақытта шет тілдерін оқыту әдістемесі классикалық және инновациялық педагогикалық технологиялардың кең ауқымын қамтиды. Олардың тиімділігі нақты оқу мақсаттарына сәйкестігімен анықталады. Шет тілін оқытудың негізгі мақсаты – білім алушылардың ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Бұл өз кезегінде әңгіме бастау, өз ойын дәлелді түрде жеткізу және мазмұнды диалог жүргізу қабілеттерін қамтиды. Осыған байланысты оқу үдерісінде шынайы қарым-қатынас жағдайларын модельдеу ерекше маңызға ие. Мұндай білім беру кеңістігінде мұғалім мен білім алушы оқу үдерісінің белсенді қатысушылары ретінде әрекет етеді, ал өзара әрекеттестік субъект–субъектілік қағидаттарға негізделеді. Сондықтан оқу үдерісіне білім алушылардың шығармашылық және өнімді ойлауын дамытуға, оларды белсенді әрекетке ынталандыратын педагогикалық әдістерді енгізу қажет. Бұл талаптарға интерактивті оқыту формалары толық жауап береді, өйткені олар негізінен шығармашылық әрекеттерге, сөйлеу жағдаяттарын модельдеуге және коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған [3].

Қазіргі заманғы мектеп моделінде цифрлық білім беру ортасы ерекше рөл атқарады. Ол оқу үдерісінің барлық қатысушыларына – білім алушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға – дәстүрлі білім беру шеңберінен тыс заманауи технологиялар мен ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Шет тілдерін оқыту контекстінде цифрлық білім беру ортасы оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға, педагогтердің кәсіби деңгейін жетілдіруге мүмкіндік беретін құралдар, ресурстар мен онлайн-сервистердің кешені ретінде қарастырылады. Ақпараттық-цифрлық технологияларды қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттырып, олардың шетел тілін меңгеруге деген мотивациясын күшейтеді. Интернет ресурстарын және мобильді қосымшаларды қолдану оқу үдерісінің нәтижелілігін арттырады [4]. Осының негізінде 1-кестеде цифрлық оқыту контентін құрудағы негізгі халықаралық онлайн платформалардың мүмкіндіктері қарастырылған.

1-кесте. Цифрлық оқыту мазмұнын құрудағы негізгі халықаралық онлайн платформалардың мүмкіндіктері

№	Онлайн платформаның атауы	Мүмкіндіктері	Дереккөз
11	Edpuzzle	Бұл сайт ағылшын тілінде білім алушылар үшін әдемі интерактивті бейне сабақтарын құруды жеңілдетеді. Сондай-ақ, оқушылардың үлгерімін ыңғайлы статистика арқылы бақылауға мүмкіндік береді.	<a href="https://edpuzzle.com/">https://edpuzzle.com/</a>
2 2	LearningApps	Викториналар, кроссвордтар сияқты әртүрлі деңгейдегі интерактивті тапсырмаларды құруға арналған платформа	<a href="https://learningapps.org/">https://learningapps.org/</a>
3 3	Trello	Бұл сіздің жобаларыңызды басқарудың және кез келген нәрсені ұйымдастырудың қарапайым, ақысыз, икемді және көрнекі тәсілі.	<a href="https://trello.com/">https://trello.com/</a>
4 4	Classroom screen	Платформа компьютердің жұмыс үстеліне ұқсас онлайн платформа. Экранның төменгі жағында сыныпта кез келген уақытта пайдалануға болатын құралдар белгішелері бар. Мысалы, QR коды, сурет, мәтін, бағдаршам, таймер, маркер тақтасы және т.б.	<a href="https://classroomscreen.com/">https://classroomscreen.com/</a>
5 5	Padlet	Оқу процесінде әртүрлі тәсілдермен қолдануға болатын білім алушылармен бірлесіп жұмыс істеуге арналған онлайн тақта	<a href="https://padlet.com/">https://padlet.com/</a>
6 6	Quizizz	Ойындарды, викториналарды, тесттерді және үй тапсырмаларын ұйымдастыруға және өткізуге арналған сайт. Осы платформаның көмегімен мұғалім жарыстарды ұйымдастырып, әр оқушының нәтижелерін бақылай алады	<a href="https://quizizz.com/">https://quizizz.com/</a>
7 7	Nearpod	Бұл бірнеше минут ішінде интерактивті сабақты табуға немесе жасауға көмектесетін оқу платформасы	<a href="https://nearpod.com/">https://nearpod.com/</a>

Оқу үдерісіне заманауи ақпараттық және компьютерлік технологияларды енгізуге бағытталған бағдарламалар білім беру ұйымдарынан материалдық-техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етуді үнемі жаңартуды талап етеді. Бұл өз кезегінде айтарлықтай қаржылық шығындарды қажет етеді, себебі ақпараттық-техникалық инфрақұрылымды қолдау тұрақты инвестицияларды талап етеді[5].

Білім алушыларды заманауи есептеу және телекоммуникациялық құралдарды меңгеруге дайындау тұрғысынан алғанда, бұл технологияларды тікелей оқу үдерісіне енгізу ең тиімді тәсіл болып табылады. Отандық және шетелдік зерттеулердің бірқатары желілік өзара әрекеттестік пен интернет-сервистерді білім беру үдерісінде қолдану мәселелеріне арналған. Мысалы, М.Д.Буш веб-қосымшаларды желіде орналасқан және көптеген пайдаланушылардың бірлескен жұмысын қамтамасыз ететін бағдарламалық өнімдер ретінде сипаттайды. Оларды оқу үдерісіне тиімді енгізу білім беру коммуникациясының нәтижелілігін айтарлықтай арттыра алады [6].

Қазіргі уақытта шетел тілдерін оқытуда электрондық білім беру ресурстарын (ЭБР) қолдану ең сұранысқа ие тәсілдердің бірі болып отыр. Бұл цифрлық материалдардың оқу үдерісін тиімді, қызықты әрі кең аудиторияға қолжетімді етуімен түсіндіріледі. С.М. Авдееваның пікірінше, ЭБР белгілі бір пән бойынша метадеректер мен модульдік элементтер жиынтығын қамтиды, олардың ішінде:

1. мұғалімдер мен білім алушыларға арналған әдістемелік нұсқаулықтар;
2. тақырыптық глоссарий;
3. анықтамалық және қосымша әдебиеттер;
4. оқу үдерісін басқаруға арналған әкімшілік блок;
5. ашық электрондық ресурстар;
6. оқу-тәжірибелік материалдар бар.

Аталған материалдарға жұмыс парақтары, түпнұсқа тілдегі аудио және бейнематериалдар, тақырыптық кестелер мен презентациялар кіреді [7]. Әсіресе, цифрлық ортадағы лексикалық жаттығулар сөздік қорды байытуға және белсендіруге мүмкіндік береді.

UNESCO ресми порталында қашықтан оқытуды қолдауға арналған электрондық ресурстарға шолу ұсынылған. Олар келесі санаттарға жіктеледі: психоәлеуметтік қолдау материалдары, білім беру үдерісін басқару платформалары, мобильді құрылғыларға бейімделген жүйелер, офлайн режимде жұмыс істеу мүмкіндігі бар шешімдер, жаппай онлайн-курстар платформалары, мобильді оқуға арналған қосымшалар, бейнеконференция арқылы бірлескен жұмыс сервистері, мұғалімдерге арналған цифрлық материалдар жасау құралдары; қашықтан оқыту бойынша ресурстар жинақтары. Осылайша, білім берудегі цифрлық ортаның дамуы оқу үдерісін жетілдіруге кең мүмкіндіктер ашады. Инновациялық шешімдерді жүйелі түрде енгізу білімді меңгеруді оңтайландырып қана қоймай, білім алушылардың

жоғары технологиялық қоғамға бейімделуіне қажетті құзыреттерін қалыптастырады.

UNESCO ұсынған ресурстар түрлі пәндерді, соның ішінде шет тілдерін оқытуда кеңінен қолдануға жарамды. Мұғалім оқу үдерісінде белгілі бір цифрлық құралды қай кезде және қалай қолдану тиімді екенін нақты түсінуі қажет, себебі білім алушылар бұл ресурстарды әрдайым дұрыс немесе толық пайдалана бермеуі мүмкін [8]. Сондықтан тапсырмаларды нақты құрылымдау және білім алушыларға құралдарды дұрыс таңдау мен қолдану бойынша нақты нұсқаулықтар беру маңызды. Мұғалімдердің өзі де цифрлық құралдарды тиімді қолдану үшін жеткілікті білім мен дағдыларға ие болуы тиіс.

Соңғы жылдары интернетті тек ақпарат іздеу құралы ретінде пайдалану шеңберінен шығып, мұғалімдер веб-технологияларды оқу материалдарын әзірлеу, тарату және алмасу үшін белсенді қолдана бастады [9]. Оқу стандарттарының жаңаруы білім беру материалдарының қолжетімділігін кеңейту мен жеке білім беру траекторияларын дамыту қажеттілігін арттырды. Осы міндеттерді шешуде Google Classroom, Trello, Classroom screen, Nearpod платформалары ерекше орын алады. Бұл сервистер бірлескен жұмысқа мүмкіндік беріп, білім алушылардың оқу белсенділігін, шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

COVID-19 пандемиясы көрсеткендей, цифрлық білім беру ортасында педагогтардың қызметі бүгінгі күні білім беру жүйесін дамытудың және оны болашақтағы жаһандық өзгерістерге бейімдеудің тек қажетті шарты ғана емес, негізгі тетігіне айналды. Осыған байланысты педагогикалық қызметті жаңа сапалық деңгейге көтеру үшін ең алдымен педагог-психологтың құндылықтар жүйесін, мотивациялық-тұлғалық ерекшеліктерін, мақсаттары мен кәсіби ұстанымдарын қайта қарастыру қажет. Демек, білім беру жүйесін жан-жақты жаңғырту және цифрлық білім беру ортасын жетілдіру болашақ педагог-психологтарды жоғары технологиялық, инновациялық қоғам талаптарына сай даярлау мазмұнын жаңартуды талап етеді [10].

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назаров В.Л. Шоковая цифровизация образования: восприятие участников образовательного процесса / В.Л. Назаров, Д.В. Жердев, Н.В. Авербух // Образование и наука. — 2021. — №23 (1). — С. 156–201.

2. Bui T.На. English teachers' integration of digital technologies in the classroom // International journal of educational research open. 2022. Т. 3. С. 100-204.

3. Ниязова Г.Ж. Цифровая трансформация образования и исследования возможностей создания цифровых учебных контентов / Г.Ж. Ниязова, А.А. Миндетбаева, Ш.А. Марипов // Журн. АПН Казахстана. — 2021. — №. 5. — С. 5–11.

4. Захарова М.В. Цифровые инструменты преподавания английского языка // Мир педагогики и психологии. 2020. № 6 (47). С. 106-116.

5. Г.С. Каримова, П.З. Ишанов, А.Ж. Анесова. Цифрлық оқу контенттері негізінде бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру// Серия «Педагогика». 2023. №2. С.165-176
6. Абрамова Я.А. Онлайн доска как инструмент в обучении английскому языку в современном образовательном пространстве // Время науки. 2025. № 2-1. С. 7-11.
7. Фокина С.Л. Изменения в образовательном процессе, связанные с цифровизацией общества // Вестник Гуманитарного института ИГХТУ. 2021. № 2. С. 219-224.
8. Мельникова А.В., Садыкова Л.Р. Инструментарий учителя английского языка в рамках цифровизации образовательного процесса // Вестник Набережночелнинского государственного педагогического университета. 2022. № 1(36). С. 161-163.
9. Ломакина Е.А., Пикалова Е.А. Английский язык: ключ к глобальному диалогу в изменяющемся мире // Проблемы современного педагогического образования. 2025. № 87-3. С. 156-158.
10. Е.Ә. Әбдіжәділ, Қ.Ш.Молдасан, Э.Т.Баярыстанова. Болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығы білім беру жүйесін жетілдіру ретінде // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. №2 (83) 2025. С.28-35.

## ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА В ЦИФРОВОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ

*Адилбекова Гүлжауһар Баймаханқызы*

**Научный руководитель:** Гапбасова Айнұр Айдарқызы

*В данной статье рассматриваются теоретические и практические основы использования онлайн-платформ в процессе освоения иностранного языка. Поскольку традиционные методы обучения не полностью учитывают быстрое развитие цифровой среды, это может привести к снижению вовлеченности учащихся в учебный процесс и эффективности обучения. Данное исследование направлено на повышение интерактивности, индивидуализации и доступности учебного процесса путем внедрения цифровых средств в методику обучения иностранному языку. Задачи исследования включают анализ понятия цифровой образовательной среды, классификацию электронных образовательных ресурсов (ЭБР) и оценку методического потенциала данных онлайн ресурсов. Результаты исследования показывают, что эффективная интеграция онлайн-платформ в качестве вспомогательного инструмента в обучении иностранному языку позволяет повысить качество образования.*

**Ключевые слова:** оцифровка образования, цифровая образовательная среда, коммуникативная компетентность, иностранный язык, онлайн-платформа, мультимедиа, веб-приложение.

## THE FEATURES OF TEACHING ENGLISH IN A DIGITAL EDUCATIONAL ENVIRONMENT

*Adilbekova Gulzhauhar Baymakhankyzy*

**Scientific supervisor:** Gabbassova Ainur Aydarkyzy

*This article discusses the theoretical and practical foundations of using online platforms in the process of learning a foreign language. Since traditional teaching methods do not fully take into account the rapid development of the digital environment, this can lead to a decrease in student engagement in the learning process and learning effectiveness. This research is aimed at increasing the interactivity, individualization and accessibility of the educational process by introducing digital tools into the teaching methodology of a foreign language. The research objectives include analyzing the concept of a digital educational environment, classifying electronic educational resources (EBS), and evaluating the methodological potential of these online resources. The results of the study show that the effective integration of online platforms as an auxiliary tool in teaching a foreign language can improve the quality of education.*

**Keywords:** digitization of education, digital educational environment, communicative competence, foreign language, online platform, multimedia, web application.

### REFERENCES

1. Nazarov, V.L., Zherdev, D.V., & Averbukh, N.V. Shock Digitalization of Education: Perception of Participants in the Educational Process // Education and Science. 2021. No. 23(1). P. 156–201.
2. Bui, T. Ha. English Teachers' Integration of Digital Technologies in the Classroom // International Journal of Educational Research Open. 2022. Vol. 3. P. 100–204.
3. Niyazova, G.Zh., Mindetbayeva, A.A., & Maripov, Sh.A. Digital Transformation of Education and Research on the Possibilities of Creating Digital Educational Content // Journal of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan. 2021. No. 5. P. 5–11.
4. Zakharova, M.V. Digital Tools for Teaching English // World of Pedagogy and Psychology. 2020. No. 6(47). P. 106–116.
5. Karimova, G.S., Ishanov, P.Z., & Anesova, A.Zh. Formation of Foreign Language Communicative Competence of Primary School Students Based on Digital Educational Content // Pedagogy Series. 2023. No. 2. P. 165–176.
6. Abramova, Ya.A. Online Board as a Tool in Teaching English in the Modern Educational Space // Time of Science. 2025. No. 2-1. P. 7–11.
7. Fokina, S.L. Changes in the Educational Process Related to the Digitalization of Society // Bulletin of the Humanitarian Institute of ISUCT. 2021. No. 2. P. 219–224.
8. Melnikova, A.V., & Sadykova, L.R. English Teacher's Toolkit within the Framework of Digitalization of the Educational Process // Bulletin of Naberezhnye Chelny State Pedagogical University. 2022. No. 1(36). P. 161–163.
9. Lomakina, E.A., & Pikalova, E.A. English Language: The Key to Global Dialogue in a Changing World // Problems of Modern Pedagogical Education. 2025. No. 87-3. P. 156–158.
10. Abdizhadil, E.A., Moldasan, K.Sh., & Bayarystanova, E.T. Digital Literacy of Future Educational Psychologists as a Means of Improving the Education System // Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Pedagogical Sciences Series. 2025. No. 2(83). P. 28–35.